

8. Шарбатов Г.Ш. Выражение времени в современном египетском диалекте// Арабская филология. Сборник статей. Москва, 1968, с. 121-132.
9. Шарбатов Г.Ш. Современный арабский язык. Москва, 1961.
10. Церетели Г. В. Арабские диалекты Средней Азии. Тбилиси, 1956.
11. Elder E.E. Egyptian Colloquial Arabic Reader, London 1927.
12. Mitchell T.F. An introduction to Egyptian colloquial Arabic. Oxford: Clarendon Press, 1956.
13. إحسان عبد القدوس. أنا حرة. القاهرة، ١٩٩٩، ١٩١ ص.
14. توفيق الحكيم. عودة الروح. المجلد الثاني. القاهرة، ١٩٨٨، ٢١٢ ص.
15. دكتور شوقي ضيف. تحريفات العامية للفصحى في القواعد والنبيات والحروف والحركات. القاهرة، دار المعارف، ١٩٩٤.
16. [www.ahram.org.eg/](http://www.ahram.org.eg/)
17. [www.wikipedia.org/wiki/Egypt](http://www.wikipedia.org/wiki/Egypt)

\*\*\*

А.М. Нурелова, А.М. Рустемова

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР

Адам тіліндегі сөздердің дыбыстық тұлғасы мен олардың мағынасы арасындағы байланыс мәселесі лингвистерді өте ерте заманнан бері қызықтырып келе жатқаны белгілі. Дыбыстық символика құбылысы әлемнің барлық тілдерінде кездеседі және лингвистикалық әмбебап қатарына жатады. Сондықтан да болуы керек осы мәселе көрнекті лингвистер назарында болып келді.

Қазақ және жапон тіл білімдерінде де дыбыс еліктеуіш сөздер лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғысынан, яғни сөз табы ретінде қарастырылған. Осы мақалада қос тілдегі еліктеуіш сөздерді жеке-жеке қарастырылып, ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасалады.

Еліктеу сөз табына жататын сөздер адамды қоршаған табиғат құбылыстарының және айналадағы заттардың қозғалуынан шыққан дыбыстарға еліктеуден немесе адамның түрлі жағдайға байланысты әрекетіне, қозғалысына қатысты көріністердің, сонымен бірге желдің гуілі, жапырақтың сыбдыры, найзағайдың жарқылдауы, күннің күркіреуі, өзеннің сылдырап ағуы, заттардың құлап түсуі, домалауы, соқтығысуларына еліктеуден пайда болған мән-мағынаны білдіретін ұғым атаулары, сол сөздердің жиыны.

Қазақ тілі адамның көру, есту мүшелері арқылы түйсіну, ұғыну қабілетінен пайда болған мұндай еліктеу сөздерге өте бай. Олар ауызекі тілде де, әдеби тілде де кеңінен қолданылады. Ойды дәл де ықшам, жинақты да көрікті етіп жеткізуде ерекше көркемдік мән үстейтін сөздер. Мысалы: Төрт-бес ат суға түсіп, шомылып, жүндері жылт-жылт етіп, көлшімектің жағасын-

Египет диалектісі араб диалектілерінің ішінде ең көп таралған, көп қолданылатын, ең көп зерттелген семит тілдерінің бір бөлшегі. Ауызекі сөйлеу тілінде, жазба тілде, халық әдебиетінде, жарнамада, көптеген танымал әндер мен газет тілдерінде кездеседі. Автор бұл мақалада араб тілінің египет диалектісіндегі етістіктің осы шағы туралы тоқталған.

\*\*\*

There is present tense form of the verb in the Egyptian dialect that is typical for many other Arabic dialects, but strange for the modern Arabic language, this form is formed by adding preformative بـ [bi-; b-] to the present-future tense form. There are different opinions of scientists about the origin of this preformative. The article also deals with present participle.

дағы балғын шалғынды бырт-бырт орады (С. Сейфуллин); Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды (М. Әуезов) - деген сөйлемдердегі «жылт-жылт, бырт-бырт, сырт-сырт» еліктеу сөздері айтылған ойды көріктендіріп тұр [1].

Еліктеу сөздер көркем әдебиетте көп кездесетін, айтатын ойды дәл жеткізу жағынан ерекше мәні бар, тілімізге әрдайым әсемдік, ықшамдылық, көріктік сипат беріп тұратын, шығарма тілін бейнелеп, мәнерлеп тұратын сөздер. Мысалы: Жақып шошып кеткендей, қысыңқырап отырған көзін **бажыраң** етіп ашып алды (Ғ.Мұстафин) [2].

Бұл сөздер мақал-мәтелдерде де көп кездеседі. Мұндай жағдайда да олар мақал-мәтелдерге ықшамдылық, жинақтылық сипат беріп, оларды көріктендіріп отырады. Мысалы:

Бала күнде баланың бәрі бала-ақ,  
Үлкейген соң балағы **дала-далақ**.

Еліктеуіш сөздер жұмбақтарда да көп кездеседі. Мысалы:

**Жылт-жылт** еткен,  
Жырадан өткен.

Еліктеуіш сөздер, әсіресе күлкі, әжуа, мысқыл, юморға байланысты көп қолданылады. Сондықтан олар сықақ әңгімелерде, фельетондарда көп кездеседі де, ғылыми, саяси әдебиеттерде кездесуі некен саяқ болады. Мысалы: Андасбаевтың айналасына ерген бірен-саран аңқаулар мен жалқаулар да жоқ емес. Аңдығаны қысыр әңгіме, **пыш-пыш, сыбыр-сыбыр, жыбыр-жыбыр...**

- **Қопаң-қопаң** етесің, қойға қашан жетесің?  
- деп, Андасбаевты асықтыра түседі. Андасбаев одан сайын қопаңдай түседі дейді [3].

Қазақ тілінде біресе үстеудің, біресе одағайдың ішінде қарастырылып келген еліктеу сөздердің жеке сөз табы болып бөлініп даралануы профессор А. Ысқақовтың есімімен байланысты. Ахмеди Ысқақов қазіргі қазақ тілінде «еліктеу сөздер» өзгеше бір сөздер тобына жататынын баспа беттерінде елуінші жылдардың басында жариялаған мақалаларында-ақ дәлелдеді. Бұған дейін жалпы түркологиядағы сияқты қазақ тіл білімінде де жеке аталмай басқа сөз таптарының ішінде аралас беріліп келген еліктеу сөз, осыдан кейін қазақ тілі грамматикаларына жеке сөз табы ретінде еніп, 60-жылдардан бастап ғалымдардың назарына ілініп маңызды ғылыми тақырыпқа айналды. Еліктеу сөзге арнап Ш. Сарыбаева кітап шығарса, Б. Катембаева ғылыми жұмысының тақырыбы етеді.

Еліктеу сөздің жеке сөз табы болып танылуы: 1) олардың бәріне ортақ дыбысқа, бейнеге еліктеу мағынасының бар. Еліктеу сөздер өздерінің шығуы мен құрылысы жағынан еш сөз табына қосылмайды. Тілдің шығуы туралы пікірлердің бірі – дыбысқа еліктеу теориясы бойынша табиғаттардағы дыбыстарға еліктеуден алғашқы сөздер жасалып, ол сөздер сол заттардың атауларына айналған делінеді. Түрлі тілдерде қарқ-қарқ, мияу-мияу, гу-гу, тарс-тарс тәрізді еліктеуіш сөздер және олардан жасалған қарқылдау, мияулау, гуіл, гуілдеу, тарсыл, тарсылдау тәрізді туынды сөздер жасалған. Бұдан тілдің шығуы еліктеу сөздерге байланысты болған деген пікірдің жаны бар екені көрінеді. Мұндай сөздер тілімізде көп, әрі бұл туралы түрлі теориялар қазақ тіл білімінде айтылып та жүр. Бұған Қ. Хұсайыновтың қазақ тілінде нағыз дыбыс пен бейнеге еліктеу ұғымына байланысты ортақ мағынасы болатыны, ондай сөздер еліктеу сөздер тобына жататыны туралы ғылыми тұжырымы дәлел.

2) оларды түрлендіретін морфологиялық көрсеткішінің жоқ және оларды басқа сөз таптарынан бөліп тұратын айырықша белгі олардың дыбыстық құрамы жағынан өздеріне тән жүйесі бар. Профессор Ш. Сарыбаева қазақ тіліндегі еліктеу сөздер дыбыстық құрамының бес түрін көрсетеді. 1) «Дауыссыз-дауысты» дыбыстардан құралған үлгі-модель. Бұған «ду, гу, зу» сияқты екі дыбыстан тұратын еліктеу сөздерді жатқызады. 2) Дыбыстық құрамының қатары «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз» болып үш дыбыстан құралған модельді еліктеулерге «сар, маң, шыр» т.с.с. сөздерді келтіреді.

3) «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз» ретімен құрамы төрт дыбыстан тұратындарына «былқ, сырт, дүрс» сөздерін жатқызады.

4) «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауысты-дауыссыз» дыбыстардан тұратын үлгіге «жалаң,

қылаң, сылаң, ырсың, ербең» т.с.с. бес дыбыстан құралған еліктеу сөздерді жатқызады.

5) «Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз-дауысты-дауыссыз» үлгісіне негізінен туынды түбір болатын «жалб-аң, қорб-аң, жалт-ың, кірж-ің» т.б. [4].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазақ тілінде еліктеуіш сөздер жеке сөз табы ретінде тек XX ғасырда ғана қаралып, зерттелінсе, жапон тілінде көне заманнан бастап еліктеуіш сөздерге ерекше мән берілген. Жапон тіліндегі еліктеуіш сөздердің зерттелуі Эдо дәуірінде өмір сүрген Сузуки ғалымның «雅語音声考» («Көне әдеби тілдегі фонетика») атты еңбегі мен түрлі сөздіктерінен бастау алады десек қателеспеспіз. Сол кездің өзінде еліктеуіш сөздер жеке топ ретінде қарастырылған. Ал, Мейдзи дәуірінде, яғни XVIII ғасырда риторикалық әдістің бір түрі ретінде ұсынылып, содан бері әр түрлі зерттеулер мен ғалымдардың зерттеу объектісі болып келген.

Еліктеуіш сөздерді жапон тілінде екі топқа бөліп қарастырып, олардың әр қайсысына 擬音語 (гионго), 擬態語 (гитаиго), қазақша аударғанда дыбыс еліктеуіштері мен бейнелеуіш еліктеуіштер делінеді. Ал, кейінгі кезде олардың бәрін біріктіріп, オノマトペ (ономатопе) деп ортақ атаумен де атайды. Ономатопе сөзі көне гректің *ονοματοποια* (латын транскрипциясында *onomatopoeia* - сөз жасау, мұндағы *νομα* - ат, атау және *ποιεω* - істеймін, жасаймын) деген сөзінен шыққан, дыбыстарға еліктеуден шыққан сөз деген мағынаны білдіреді. Ал жапон тілінде ономатопе сөзі, шет тілден енген кірме сөздерге арнаған, катакана әліппесімен オノマトペ деп жазылып, [onomatope] деп оқылады [5].

Негізінен гиюнго және гитайго деген атау еліктеуіш сөздерге Мейдзи дәуірінде ғана берілген. Оған дейін еліктеуіш сөздер әр түрлі аталып келген. Мәселен, гиюнго ертеректе гисэйго (擬声語), ал гитайго болса гиё: го (儀容語) деп аталған. Ал кейбір ғалымдар, гисэйгоны гиюнго мен гитайгоға ортақ атау ретінде берген. Сонымен, Эдо кезеңінен бері ғалымдардың еліктеу сөздеріне берілген атауларын бір тізбекке тізер болсақ, олардың саны оннан асып кететінін көреміз: 擬声、擬声語、写生語、象徴語、擬音詞、象徴詞、疑容語、疑情語、擬態語、象徴音、音象徴、語音象徴、音声象徴、音画. Осылайша, еліктеуіш пен бейнелеуіштердің жапон тілінде ертеден ерекше сөздер тобы ретінде қарастырылып, зерттеліп келгенімен, олардың атауы көптеген жылдар бойы нақты бір атау болып бекітілмегенін көреміз [6].

Еліктеу сөздер зат есім мен етістік жасауға қабілеті күшті. Сөз тудыратын еліктеу сөздердің өнімді басты жұрнақтары: -ыл, -іл, -да, -де, -ақ, -ек, -ыр, -ір, -ық, -ік. Мысалы, «гүрсіл естілді, жалтақ бала, жалтыр қағаз, бүлкек жүріс» деген тіркестердің ішінде не? сұрағына жауап беретін туынды сын есімдер, яғни еліктеу сөздерінен жасалған есім сөздер.

Бір буынды еліктеу сөздерінен -ыл, -іл жұрнақтары арқылы зат есім жасалатын (сыр-ыл) болса, оның үстіне да, де жұрнағы жалғану арқылы туынды зат есімнен жаңа сөз - туынды етістік (сыр-ылда) жасалады. Туынды зат есімнің де, туынды етістіктің де негізгі сөзі еліктеу сөз болады. Еліктеу сөздерден жасалған етістіктер қазақ поэзияларында есімше, көсемше формаларға түрленіп келуі, әсіресе өлең ұйқасы көсемшенің «-ып» формасында қолданылуы жиі кездеседі.

Қазақ тілінде еліктеу сөздерге -дақ, -дек жұрнағы жалғану арқылы зат есімдер де жасалады. Олар жер-су аттарында көп кездеседі. Мысалы, Ысылдақ (сайдың аты), Лоқылдақ (бұлақ аты), Бақырақсай (өзен аты), Сарқырама (өзен аты) т.б. Кейбір еліктеуіш сөздер сықырлауық, сылдырлауық, тоқылдауық сияқты туынды етістіктен жасалған туынды зат есімдердің жасалуына да негіз болған. Кейде -у жұрнағының еліктеу сөзге бірден жалғануынан жасалынған зат есім сөздер сирек болса да кездеседі. Мысалы, шаншу, қыңқу, қаңқу. Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман. Ел арасында қыңқу, сыңқу көбейді.

Туынды еліктеуіш сөздерге -ла, -ле жұрнағы тікелей жалғанып та туынды етістік жасалады. Мысалы, «талтаңда, сопаңда, бұраңда, қикалаңда» туынды етістіктердің негіз сөзі «талтаң, сопаң, бұраң, қикалаң» - туынды еліктеу сөздері. Аталған сөздердің үстіне «-да» жұрнағы жалғанып, жаңа туынды етістік жасалаған.

Кейбір еліктеуіш сөздерге «-и» жұрнағы жалғанып та етістік жасалады. Мысалы, «бүкши, түкси» т.с. Осылай еліктеу сөздерден жасалған сөзжасам жұрнақтары арқылы екі сөз табының туынды түрлері жасалатын болса, «ет, бер, қақ» негізгі мәнді көмекші етістіктердің еліктеу сөздерге тіркесінен күрделі етістіктер жасалады. Мысалы, «тарс етті, лап берді, бүрсең қақты».

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, қазақ тілінде еліктеу сөздерге сөз тудырушы жұрнақтарды жалғау арқылы туынды зат есім мен туынды етістіктің жасалатыны анық болды. Ал осы еліктеу сөздерінен жасалатын сөзжасамның жапон тіліндегі жайы қалай екен?

Жапон тілінде еліктеу сөзден зат есім, сын есім, үстеу, етстікті те жасалады екен.

Алдымен, еліктеу сөздерінен етістіктің жасалуын қарастырар болсақ, еліктеу сөздеріне *する* [suru] (істеу, жасау) жұрнағын жалғау арқылы етістік жасалады екен. Мысалы: *ニコニコする* (никонико суру) - жымыңдап күлу, жымию; *ペコペコする* (пекопеко суру) - арынның ашып, құрылдауы; *ムカムカする* (мукамука суру) - жүрегі айну, ашулану; *ムラムラする* (мурамура суру) - шыдамсыздану, шыж-быж болу; *チャラチャラする* (чарачара суру) - кішкентай заттар, тиындар бір-біріне тиген кездегі сықырлау.

Мұнда айта кететін жайт, туынды етістіктер көбіне дыбыс еліктеуіштерінен гөрі бейнелеуіштерден жиі жасалады. Мәселен: *ドキドキする* (докидоки суру) жүрегінің жиі соғуы, қобалжу; *ネバネバする* (небанеба суру) жабысқақ болу; Жапон тілінде еліктеу сөздерінен сын есімді жасаудың екі жолы бар. Оның біріншісі - зат есімнің алдында келетін еліктеу сөзіне *の* (но) жұрнағының жалғануы арқылы, мысалы: *ツルツルのお肌* - жалтыраған (жылтыраған) тері; *ピカピカの一年生* - жас, жаңадан келген бірінші курс студенті; *ポカポカのカイロ* - жып-жылы қалта қыздырғыш; *ピチピチのシャツ* - жап-жаңа көйлек; *ツンツンの頭* - ашуланғаннан ауырған бас; *モジャモジャの髭* - таралмаған, өсіп кеткен сақал.

Екінші әдісі - еліктеу сөзіне *だ* [da] жұрнағының жалғануы арқылы. Бұл жағдайда туынды сын есім көбіне сөз тіркесінің немесе сөйлемнің соңында келеді. Мысалы: *喉がカラカラだ* - тамақтың кеуіп қалуы (шөлдеу); *熱でフラフラだ* - қызуы көтерілгендіктен болған әлсіздік; *水がこぼれて床はビチョビチョだ*; *古い銅はもうボロボロだ* - көнерген, әбден ескірген қола; *英語がペラペラだ* - ағылшын тілін өте жетік меңгерген, ағылшын тілінде емін еркін сөйлейді.

Жапон тілінде еліктеу сөздерінен туынды үстеу де жасалады. Оның жасалуының екі жолы бар: біріншісі *と* [to] жұрнағы жалғануы арқылы, ал екіншісі *に* [ni] жұрнағы жалғануы арқылы. Бір қызығы, *と* жұрнағы жалғанатын сөздерге *と* жұрнағын жалғасақ та жалғамасақ та ол еліктеу сөзінен жасалған туынды үстеу болып табыла береді екен де, жалғамасақ та қате болып есептелмейді екен.

Мысалы: *ガタガタ言う* - бұркылдып сөйлеу; *キラキラと輝く* - жалт-жұлт етіп жарқырау; *クルクル回る* - тоқтамастан айналу; *スラスラ書く* - емін-еркін, қиналмастан, қымсынбай айту; *スクスク育つ* - тез әрі жақсы бо-

лып өсу; ミシミシ軋む - шикшиқ етіп шикылдау; ゴシゴシこする - күш салып ысқылау, үйкелеу; 力を入れてゴシゴシと洗った - бар күшімді салып, ысқылап жудым [7].

に жұрнағының と жұрнағынан айырмашылығы, に-ды пайдаланып жасалатын туынды үстеулерде と-дағыдай оны жалғамай-ақ айта беруге болмайды. Мәселен :ピカピカに磨く - жарқыратып тазалау; ガラガラにすいた電車 - қаңырап, бос қалған поезд; コチコチに固まる - қап-қатты болып қатып қалу; ビリビリに破る - бөлшек-бөлшек қылып бөліп тастау; トロトロに溶ける - жұп-жұмсақ болып еру.

Жапон тілінде ドキドキする物事 және ヌメヌメになってしまった原因 сияқты сөйлемдерде еліктеу сөздерден кейін тұрған бөлікті қысқартып ドキドキが欲しい және ヌメヌメの原因 деген қысқа формада жазуға болады. Мұндағы ドキドキ және ヌメヌメ сөздері еліктеу сөздерінен жасалған зат есім болып табылады. Мысалы: コリコリがおいしい қытырлақ тәтті; 顔のブツブツ бетке шыққан безеу, бөртік.

Жапон тілінде еліктеу сөздер басқа да зат есімдермен қосылып, күрделі зат есімдер де жасай береді. Мәселен: ノロノロ運転 көлікті асықпай, ақырын айдау ピチTシャツ жана көйлек; カンカン照り күннің шәйдай ашық болып, жылы болып тұрған ауа райы; カリカリベーコン қытырлақ нан (бекон) [8].

Сөйлеуге қатысты қолданылатын жапон тіліндегі 13 гионгоға қазақ тілінде 8 сәйкестік табылды, дегенмен оның ішінде 3-і еліктеуіш сөз болса, 5-і бейнелеуіш сөздер. Мұндағы еліктеуіштер «сыбыр», «шаңқ-шаңқ», «шіңк-шіңк» болса, бейнелеуіштер «күбір-күбір», «баж-баж», «мыңғыр-мыңғыр», «бұрқ-бұрқ», «былдыр-былдыр» болып табылады.

Қазақ тілі мен жапон тіліндегі еліктеу сөздердің айырмашылықтары өте көп. Қазақ тілінде еліктеу сөздер саны жапон тілімен салыстырғанда әлдеқайда аз. Мәселен, қазақ тілінде еліктеу сөздерінің саны 2000-нан асады деп жорамалданса, жапон тілінде шамамен 4500 еліктеу сөздері бар екен. Еліктеу сөздердің зерттелу тарихы да өзгеше. Қазақ тіліндегі еліктеу сөздердің зерттелу тарихы өз бастауын түркі тілдеріндегі еліктеу сөздердің зерттелуінен бастау алса, жапон тіліндегі еліктеу сөздерінің зерттелу тарихы өз бастауын Эдо дәуірінен алады. Сонымен қатар еліктеу сөздерін зерттеген қазақ ғалымдары саусақпен санарлықтай ғана дейтін болсақ, еліктеу сөздерін зерттеген жапон ғалымдарының саны да, шетелдік ғалымдар саны да өте көп. Екі тілдегі еліктеу сөздерінің тағы бір айырмашылығы, қазақ тілінде еліктеу сөздері

көпке дейін жеке тап ретінде емес, одағайдың құрамында қарастырылып келген. Ал, жапон тілінде еліктеу сөздер о заманнан тілде ерекше өзіндік орны бар сөздер тобы ретінде қарастырылып келген.

Еліктеу сөздерден басқа сөз таптарының жасалуы тұрғысынан алғанда да екі тілде айтар ерекшеліктер біршама. Қазақ тілінде еліктеу сөздерден туынды зат есім мен туынды етістік жасалады. Жапон тілінде де еліктеу сөздерден туынды зат есім мен туынды етістік жасалады, бірақ сонымен қатар, жапон тілінде еліктеу сөздерден жасалатын үстеу мен сын есімдер де артылып жетіледі.

Жапон және қазақ тілдеріндегі ономапопенің мағыналық жағынан бөлінуіне келер болсақ, мұнда екі тілде де ұқсастықтар көп. Атап айтар болсақ, екі тілде де еліктеу сөздер мағынасы жағынан екіге бөлінеді, сонымен қатар олардық мазмұндары да бір-біріне ұқсас келеді. Нақтырақ айтқанда, қазақ тіліндегі еліктеуіш жапон тіліндегі гионгоның баламасы ғана болып қоймай, олар мазмұны жағынан да сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі еліктеуіштер өзара үш топқа бөлінсе, жапон тіліндегі гионго да тұптура үшке бөлінеді. Дәл дыбыс еліктеуіштері сияқты, бейнелеуіштер де гитайгомен мағынасы жағынан да өзара топталуы жағынан да ұқсас келеді.

Осы мақаланы жазу барысында жапон тілінде жалпы саны 66 гионго қарастырдық. Сол гионголардың 26 ғана қазақ тілінде баламасы табылды. Жоғарыда қарастырған сөздерге сүйеніп отырып қорытындылайтынымыз, екі тілдегі гионголардың ұқсастығы шамамен 39% дейтін болсақ, айырмашылығы 61% шығады екен. Бұдан түйетініміз, жапон тіліне қазақ тіліндегі дыбыс еліктеуіштерін еш қиындықсыз аудару аламыз десек, керісінше қазақ тіліне жапон тілінен гионголардың кез-келгенін аудару алмаймыз, өйткені жапон тіліндегі гионго мен гитайголардың саны қазақ тіліндегіден екі еседен артып кетеді.

\*\*\*

1. Сарыбаева Ш. Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. – Алматы, 1960, 3-15
2. Әбуханов Ф. Қазақ тілі. – Алматы. Мектеп, 1982, 135-138
3. Катенбаева Б. Подражательные слова в казахском языке. АҚД. – Алматы, 1965
4. Хұсайынов К.Ш. Звукоизобразительности в казахском языке. – Алматы, 1988
5. 中里理子 「擬音語・擬態語の名所変遷について」 – 上越教育大学紀要 第27巻 平成20年20, 4-6
6. 田嶋 香織 「オノマトペ (擬音語) について」 – 関西外国語大学留学生別科日本語教育論集16号2008, 4-6
7. 丹野 眞智俊 Onomatopoeia (擬音語擬態語) – に関する音韻分節 Kobe Shinwa Women's University, NII-Electronic Library Service, 13-20
8. 三上京子 「日本語教育のための基本オノマトペ

への選定とその教材化」International Christian University, NII-Electronic Library Service, 46-47

\*\*\*

В статье рассматриваются особенности звукоподражательных слов казахском и японском языках. А также степень изученности, как часть речи, морфологическая

структура, виды ономапопе.

\*\*\*

This article examined the similarities and differences mimetic words in Japanese and Kazakh languages. It also covers issues of research mimetic words in two languages, as part of speech, morphological